

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ АСТРАХАН  
АУДАНЫ БОЙЫНША  
БІЛІМ БӨЛІМІ  
«АСТРАХАН АУЫЛЫНЫҢ  
№1 ЖАЛПЫ ОРТА  
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»  
КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ

БҰЙРЫҚ

КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ  
ШКОЛА №1  
СЕЛА АСТРАХАНКА»  
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ПО  
АСТРАХАНСКОМУ РАЙОНУ  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ПРИКАЗ

2024 ж. 1707 № 62

№ \_\_\_\_\_ от \_\_\_\_\_ 2024 г.

**2024-2025 оқу жылының басталуы және аяқталу мерзімдерін, сондай – ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №29301 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығының және «Ақмола облысының білім басқармасы» ММ 2024 жылғы 11 шілдедегі №297, «Ақмола облысының білім басқармасы» ММ 2022 жылғы 18 тамыздағы №250 бұйрығы, «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің 2024 жылдың 15 шілдедегі №143 бұйрығы негізінде,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:  
2024 жылғы 1 қыркүйек - 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:  
1-11 (12) сыныптарды оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:  
1 тоқсан - 8 оқу аптасы, күзгі демалыс - күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2 тоқсан - 8 оқу аптасы, қысқы демалыс күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3 тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс - күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1 - сыныптарда қосымша демалыс - күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10 – 16 ақпанды қоса алғанда);

4 тоқсан - 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) - сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан 2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі/орыс тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық-цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) - 2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/ француз/неміс), информатика) - 2025 жылғы 5 маусым;

11 (12) - сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан - 2025 жылғы 30 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан- 2025 жылғы 3 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі бойынша (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан- 2025 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі), шетел тілі (ағылшын/ француз/неміс), информатика)- 2025 жылғы 12 маусым;

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың оқу- әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Г.А. Кусайтоваға жүктелсін.

Мектеп директорының **М.А.**



**Б.Абдрахманов**